

Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік  
университеті  
Медицина факультеті

# Инфекция туралы ілім

Орындаған: Нышанбайқызы А.

Қабылдаған: Байтұрсынов Қ.Қ.

Тобы: ЖМ - 106

**Инфекция туралы ілім** - бұл макроорганизмдерде тіршілік етуге және оған патогенді әсер етуге мүмкіндік беретін микробтардың қасиеті туралы, және де микроорганизмнің ауру тудырушылық әсеріне қарсы тұратын макроорганизмнің қорғаныс-бейімделу реакциялары туралы ілім.


[tartarughe.info](http://tartarughe.info)



# МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

инфекциялық процесстерді қоздыратын микробтардың патогенсіз микробтардан ерекшелігін, және де қоздырғыштарды қабылдаушылық және қабылдамаушылық қасиеті бар макроорганизмнің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар екенін түсінуге мүмкіндік береді. Ол жұқпалы ауруларды емдеу және алдын алу үшін қажетті препараттар жасауда, және де диагноз қою әдістерін жетілдіруге шешуші рөл атқарады.





**"Инфекция"** (лат. inficіo - жұқтыру, зиянды нәрсені енгіземін) немесе оның синонимі "инфекциялық процесс" термині қоршаған ортаның тиісті жағдайында қабылдаушы макроорганизммен оған, көбейген патогенді немесе шартты-патогенді микроорганизмнің өзара әсері нәтижесінде пайда болатын және макроорганизмнің ішкі ортасының тұрақтылығын(гомеостазын) сақтауға бағытталған физиологиялық қалпына келу - бейімделу реакцияларының жиынтығын білдіреді.

- Инфекциялық процестің негізінде паразитизм феномені жатыр, өйткені паразит деп аталатын біреуі, ие деп аталатын екіншісін қоректік көзі және тұрақты немесе уақытша мекендейтін орны ретінде пайдаланады.
- Адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің инфекциялық және инвазиялық ауруларының қоздырғыштары паразиттерге жатады, яғни олар тірі жүйе ортасында паразиттік тіршілік етуге қабілетті.
- **«Паразитизм»** термині - бұп ерекше түсінік және паразит популяциясы гетерогенді. Микроб популяциясының паразитизмдік дәрежесі ең алдымен мекендейтін ортамен байланысты, сондықтан популяциялық-экологиялық тұрғыдан паразитизмді үш категорияға бөледі: облигаттылар, факультативтілер және кездейсоқтылар.

## ● **Облигатты (нағыз) паразиттер**

Оларға паразиттік тіршілік ету фазасы ғана тән, олар сыртқы ортаға түспейді, өйткені сыртқы ортада тіршілік етуі мүмкін емес. Олар трансмиссивті, трансплацентарлы және жанасу-жыныстық жолымен беріледі.

## **Факультативті (салыстырмалы) паразиттер** -

паразиттер табиғи айналым кезінде ие организммен қатар сыртқы ортаны да пайдалана алады.

**Кездейсоқ паразиттерге** - автономды түрде тіршілік етуге сыртқы орта (су, топырақ, өсімдіктер, және де басқа органикалық субстраттар) қалыпты орта болып табылатын паразиттер жатады. Олар сапрофиттік типімен қоректену қабілеттілігін сақтайды.








# Инфекциялық процестің пайда болуы, дамуының факторлары:

- 1) инфекциялық процесс қоздырғышы – микробтардың сандық және сапалық сипаты;
- 2) макроорганизм жағдайы, оның микробты қабылдаушылық дәрежесі;
- 3) микроб пен макроорганизмді қоршаған ортаның физикалық, химиялық, биологиялық факторларының әсері.

- Жұқпалы ауруларды тудыратын микроорганизмдерді жұқпалы аурулар қоздырғыштары деп атау жалпы қабылданған термин. Инфекциялық жағдайдағы адамдардың немесе жануарлардың организмін, яғни онда қоздырғыштың паразиттік тіршілік етуін - инфицирленген, ал қоздырғыштар түскен сыртқы орта заттарын - ластанған деп атайды. Макроорганизмнің қабылдаушылығы деп, микробтар енгенде макроорганизмнің көптеген көріністермен (тасымалдаушылықтан жұқпалы ауруға дейін) реакция беру қабілеттігін айтады.



"Инфекция" және "жұпалы ауру" терминдерінің мәнісі бірдей емес. Инфекциялық процесс жұқпалы аурулардың негізін құрайды. Инфекциялық процестен айырмашылығы сол, жұқпалы ауруды, әр кезде зертханалық әдіспен анықталатын және немесе микробтардың, олардың токсиндерінің әсерінен әр түрлі дәрежеде гомеостаздың бұзылуымен сипатталатын осы макроорганизмнің айқын клиникалық көрініс беретін жағдайы деп түсіну қажет. Ауру кезінде патологиялық, морфологиялық субстрат қалыптасып, макроорганизмнің функциясы бұзылған жағдайда ғана жұқпалы ауру туралы сөз айтылады.



- Адамдардың, жануарлардың немесе өсімдіктердің макроорганизмі үшін патогенділік дәрежесіне қарай барлық микробтарды үш топқа бөледі:

- 1. патогенді,
- 2. сапрофитті
- 3. шартты-патогенділер.

● **Патогенділер** (грек: pathos азап шегу, зиян шегу; genis - туылу) - бұл адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің жұқпалы ауруларының қоздырғыштары. Эволюция барысында патогенді микробтарды- адаптациялануының тереңдегені сонша, олар белгілі бір уақытта макроорганизмнен тыс жағдайда бола алатынына қарамастан, макроорганизмде тіршілік етуі микробтың биологиялық түр ретінде сақталуына қажетті шарт болып табылады. Осыған орай, олар үшін ауру- бұл эволюция барысында макроорганизммен симбиоздық қатынас қалыптасуының нәтижесі болып табылады.



- **Сапрофиттер** (грек: sapos - шіріген, phyton - өсімдік) немесе патогенсіздер - бұл өсімдіктердің және жануарлардың өлі тіндерімен немесе олардың тіршілік ету кезіндегі өнімдерімен қоректенетін микробтар. Әрбір түрлердің қоректік субстраттарға талғамдылық дәрежесі әртүрлі болады. Олар макроорганизмге байланысты емес, оларға тек қана дайын органикалық заттар қажет.
- Кейбір микробтар, мысалы, күйдіргі және сіреспе қоздырғыштары топырақта сапрофиттер ретінде тіршілік етеді. Метаболиттер көзі және тіршілік ету ортасы ретінде пайдалану үшін макроорганизмге енгеннен кейін олардың патогенділігі көріне бастайды.



● **Шартты-патогенділер** (син.: потенциалды патогенділер немесе оппортунистік инфекциялардың қоздырғыштары) - бұл макроорганизмге тиісті жағдайда, яғни макроорганизмнің резистенттілігі күрт төмендегі, көп мөлшерде макроорганизмнің ішкі ортасына түскенде (пассивті енгенде) ауру туғызушылық әсер ететін микробтар. Олар патогенді микробтар мен сапрофиттердің аралық жағдайында орын алады. Шартты-патогенді микробтарға адамдардың қалыпты микрофлорасының өкілдері немесе жұқпалы аурулар тудыра алатын еркін өмір сүруші микробтар жатады.

**НАЗАР  
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**